




ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ, I

Құқықтың жалпы принциптері





Бұл дәрісімізде халықаралық құқықтың қайнар көздері тақырыбын одан әрі талқылаймыз. Оның ішінде «өркениетті елдер тегіс мойындаған» құқықтың жалпы принциптеріне арналған Халықаралық сот Статуының 38-бабына кеңінен тоқталмақпыз.

Құқықтың жалпы принципінің маңызы туралы пікірлер өте көп. Олардың кейбіреуінде жалпы принциптер табиғи құқықтың нақтыланған көрінісі, сонымен қатар, халықаралық құқық жүйесіне жол ашқан позитивистік құқықтың, адам араласуымен жасалған құқықтың жарамдылығын тексеретін әдіс деп санайды. Ал басқалар, әсіресе, позитивисттер құқықтың жалпы принциптерін дәстүрлі құқық пен шарттар құқығының бір тармағы ретінде қарастырып, халықаралық құқыққа алып-қосар ештеңесі жоқ деп есептейді.

Г. Тункин сияқты кеңестік ғалымдар құқықтың жалпы принциптері халықаралық құқықтың іргелі принциптерінің қайталауы ғана деген тұжырым жасады. Мысалы, бейбіт өмір сүру құқығы дәстүрлі және шарт құқығында әлдеқашан өз орнын тапқан.

Көзқарастардың осындай әртүрлі екеніне қарамастан, барлық ғалымдар құқықтың жалпы принциптерін бөлек құқық қайнар көзі ретінде мойындайды. Дегенмен оның аясы шектеулі және ондай шектеудің шын мәнінде бар екенін Тұрақты халықаралық соттың және Халықаралық соттың шешімдерінен аңғаруға болады.

Дегенмен құқықтың жалпы принциптері деген кезде нені айтып тұрғанымызды нақтылап алу қажет. Бұл ұлттық заңнамада өз орнын тапқан құқық принциптері ме, әлде халықаралық құқықтың негізгі принциптері ме? Бәлкім, бұл ұлттық құқықта бекітілген, бірақ, мемлекетаралық қатынастарда да қолданылатын принциптер шығар.

Англо-америкалық ортақ құқықпен байланысы бар мемлекеттер сол жүйеден белгілі бір принциптерді өз ұлттық құқық жүйесіне сіңірді. Көптеген Латын Америка, Африка және Азия елдері белгілі бір принциптерді еуропалық тәжірибеден алды.

Осы мәселелерді толыққанды түсіну үшін ұқсас сот шешімдеріне көңіл аудару маңызды.

1928 жылы Тұрақты халықаралық сот Польшадағы Жоғары Силезияда тартып алынған нитрат фабрикасына қатысты келесі сот қорытындысын жариялады:

«Кез келген зардап салдарын өтеп беру (репарация) міндеті құқықтың жалпы концепциясы болып табылады. Бұл концепция – халықаралық құқықтың принципі. Аталған принцип бойынша халықаралық құқыққа кереғар әрекеттердің нәтижесінде белгілі бір мемлекеттің азаматына келтірілген зардапты өтейтін мөлшерде компенсациялық төлем (яғни өтемеақы) төленуі тиіс».

БҰҰ-ның Халықаралық сотының шешімдерінде *res judicata* (рес юдиката) принципіне де айрықша көңіл бөлінген. Бұл дегеніміз – белгілі бір жағдайларда қабылданған шешім соңғы, міндетті және қайта қаралуға жатпайды дегенді білдіреді.

Әкімшілік трибунал ісінде Халықаралық сот БҰҰ Хатшылығы қызметкерлерін жұмыстан шығару мәселесін қарады және «БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының Әкімшілік Трибунал шешімін орындаудан бас тартуға құқығы болды ма?» деген сұраққа жауап іздеді.

Халықаралық сот мынадай шешім шығарды: «бекітілген және жалпы танылған құқық принципі бойынша осындай сот органы, яғни Әкімшілік трибунал шығарған шешім рес юдиката болып танылады және тараптар үшін міндетті».

Халықаралық сот басқа шешімдерінде *res judicata* (рес юдиката) принципі екі мақсатты көздейді. Біріншісі, заңды қарым-қатынастың тұрақтылығын сақтау үшін соттың шешімі, қандай жағдайға да қарамастан, ең соңғы болуы тиіс. Екіншісі, тіпті шығарылған шешім бір тарапты жақтайтынына қарамастан, дауды қайта қарауға о бастан ерік бермеу екі жақтың да мүддесі үшін маңызды.

Жалпы принципті қолданудың келесі бір мысалы ретінде Амко компаниясының Индонезия Республикасына қарсы ісіндегі Арбитраждық трибунал шешімін келтіруге болады. Сот шешіміне сәйкес, зиянды өтеп беру екі элементті ескеруі тиісі:

Біріншісі – *damnum emergens* (дамнум имергенс), яғни тікелей зиян. Екіншісі – *lucrum cessans* (лукрум цессанс), яғни жоғалтқан пайда. Бұл көптеген ұлттық құқықтық жүйелеріне тән принцип. Осыған байланысты бұл принципті халықаралық құқықтың қайнар көзіне жатқызуға болады.

Халықаралық құқықтың өте маңызды принциптерінің бірі – *pacta sunt servanda* (пакта сунд серванда), яғни «шарттар орындалуы тиіс» деген принцип. Аталмыш принцип халықаралық құқықтың өзегі десек те болады.



Бұдан басқа Good Faith (гуд фэйз) немесе адалдық (адал ниет) принципі бар. Аталмыш принцип көптеген мемлекеттің ұлттық заңнамасында кездеседі. Мысалы, Қазақстанның Азаматтық кодексінде осы принцип барын білесіздер. Алайда мұның әртүрлі елдердің сот даулары мен іскери айналымындағы түсіндіру һәм қолданыс аясы бірдей емес.

Бұдан бөлек, аталған принцип БҰҰ-жарғысының 2-бабында бекітілгенін ұмытпауымыз қажет. Онда былай делінген: «Біріккен Ұлттар ұйымының барлық мүшесі осы Жарғы аясында өздеріне жүктелген міндеттерді адал атқарады».

Ал БҰҰ Халықаралық соты «Ядролық сынақтар» ісі шеңберінде бұл принципке қатысты пікірін былай білдірді: «Құқықтық міндеттердің пайда болуы мен орындалуын жүзеге асыратын ең негізгі принциптердің бірі – адалдық. Сену мен сенім халықаралық ынтымақтастықтың ажырамас бөлшегі. Әсіресе, ондай ынтымақтастықтың маңызы артып келе жатқан кезде».

Дегенмен Халықаралық сот адалдық қағидаты тұжырымдама ретінде «нақты атап көрсетілмесе, міндеттеменің қайнар көзі бола алмайды» деген қорытынды шығарды. Алайда бұл – халықаралық құқық нормаларына бағынуды ескертетін және анықтайтын негізгі принцип. Әрі бұл нормалардың заң жүзінде орындалуын реттейтін фактор болып табылады.

Халықаралық соттың түсіндіруінше, адалдық принципі белгіленген міндеттерді орындауды білдіреді.

Тағы бір назар аударатын принцип – *ex injuria jus non oritur* – құқыққа қайшы фактілер құқық болмайды деген мағынаны береді. Малколм Шоудың айтуынша, Сот іске құқықтың қандай принципін қолданатынын өз бетінше шешеді, яғни дискрециясы бар әрі дәстүрлі және шарт құқығы қажетті шешу жолын ұсына алмайтындықтан осы қарекетке барады.

Бұл орайда Бельгия мен Испания арасындағы «Барселона трэкшн» (Barcelona Traction) ісіне назар аударайық. БҰҰ Халықаралық соты бұл істе муниципалдық құқықтағы жауапкершілігі шектеулі серіктестік туралы тұжырымға сүйенді әрі егер сот муниципалдық құқықтың мұндай институттарын ескермей үкім шығарса, оның заңдық салдары қиын болатынын ескертті.

Халықаралық құқықта сот сілтеме жасайтын ұқсас институттар болмауына байланысты шешім шындықтан алшақ кетуі ықтимал. Алайда халықаралық құқық белгілі бір мемлекеттің ұлттық, муниципалды құқығына сілтеме жасамайды, керісінше, муниципалдық құқықтық жүйенің жалпыға ортақ принциптеріне сүйенеді. Ал бұл жалпыға ортақ принциптерге жауапкершілігі шектеулі компания идеясы жат емес.

Эквити (Equity) және халықаралық құқық

Эквити термині негізінен Англия және Уэльс құқығында кең таралған.

Малколм Шоудың өзі кітабында эквити анықтамасына арнайы тоқталмайды. Автор эквитиді кейбір істерде халықаралық құқықтың қайнар көзі ретінде қарастырылатынын айтып, жүйенің құндылықтарын құрайтын принциптер жинағы деп атайды.

Эквитиге қатысты ең танымал шешімдердің бірін Судья Хадсон Мёз өзені бойынша істе қабылдаған еді. Дау Голландия мен Белгия арасында жүрген. Судья Хадсон келесідей тұжырым жасады:

«Эквити принциптері ұзақ уақыттан бері халықаралық құқықтың бір бөлшегі ретінде қарастырылып, сотта қолданылды. Халықаралық сот Статутының 38-бабы бойынша Сот эквити принциптерін халықаралық құқықтың бөлігі ретінде қарастыруға белгілі бір деңгейде ерікті. Егер солай шешсе, ол оны қолдануға міндетті».

Алайда Малколм Шоу аталған ережеге түсінік берерде абай болған жөн дейді. «Ағылшын тілінен аударғанда эквитидің мағынасы әділдік, бейтарап, объективтілік, әділдік құқығы деген сөздердің мағынасына саяды. Дегенмен мағынаның ауқымдылығына орай оны Англия және Уэльстің ұлттық құқықтағы мағынасымен қабылдау қателік болар еді», – деп ескертеді Малколм Шоу.

Үндістан және Пәкістан елдері арасында орын алған Кач шөліне қатысты Арбитраж дауы кезінде Трибунал эквитиді халықаралық құқықтың бір бөлігі екеніне келісіп, тараптар осындай принциптерге сенім арта алады деді.



Ал Солтүстік теңіздің континентальды шельфі ісінде Халықаралық сот Батыс Германия, Голландия және Дания арасындағы соңғы делимитацияны «эквити (әділдік) принциптеріне сәйкес» деп бекітті.

Жалпы эквитиді тым абстрактілі әділдік ұғымымен жиі шатастыратынын атап өткен жөн. Алайда іс жүзінде соттар абстрактілі әділдік принциптерін қолданбайды, одан гөрі қолданыстағы құқық нормаларындағы әділ принциптер мен шешімдерге сүйенеді.

БҰҰ Халықаралық соты Ливия/Мальта ісін қараған кезде «әділдік абстрактілі бола алмайды, ол заңның үстемдігіне сай анықталуы тиіс, яки ол жалпыға бірдей принциптердің шегінен шығып кетсе де, оның қолданысынан үйлесімділігі және белгілі бір мөлшерде болжамға сай екені көрініп тұруы керек» деп мәлімдеді.

Бұдан бөлек, әділдік немесе эквити принциптерін қолдану 1982 жылғы Теңіз құқығы Конвенциясында анық көрініс тапқан. Мысалы, аталған құжаттың 59-бабында «жағалауға жақын орналасқан және басқа мемлекеттердің арасындағы территориядан тыс экономикалық аймаққа қатысты келіспеушіліктер «әділдік негізінде шешілуі тиіс» делінген. Ал 74-бапта жағалаулары қарама-қарсы немесе көршілес, аралас мемлекеттер арасындағы аумақты белгілеу ережесі көрсетілген. Ол әділ шешімге жету мақсатында халықаралық құқыққа сүйене отырып, екі жақтың келісімімен жасалады. Дәл осындай ереже 83-бап бойынша континентальды шельф делимитациясына қолданылады.

Сот шешімдері

БҰҰ-ның Халықаралық соты Статутының 38-бабында сот шешімдерін қайнар көздердің қосымша түріне жатқызады. Дегенмен олардың маңызы өте жоғары. Алдыңғы тақырыптарда біз Халықаралық сотпен қаралған көптеген істерге сілтеме жасап, сот қорытындыларының халықаралық құқықты түсіну мен қайнар көзін анықтауда зор рөл атқаратынын айтқанбыз.

Статуттың 59-бабына сәйкес, Халықаралық соттың шешімі тек қана сол дауға қатысқан тараптар арасында міндетті, бірақ Халықаралық сот әр уақытта алдыңғы шығарылған шешімдермен үйлесімді сақтауға тырысады. Бұрын қабылданған шешімнің міндеттілігі прецедентті құқыққа құрылған көптеген елдерге тән. Мұндай елдердің соттары Тұрақты соттың және БҰҰ Халықаралық сотының шешімдерін беделді аналитикалық материал ретінде қарастырады.

Халықаралық сот, өз кезегінде, шешім шығар алдында бұрынғы шешімдерге мұқият үңіліп, сол істердегі қорытындылар мен тұжырымдар неге пайдаланбайтынын анықтайды.

Жалпы практика және юрисдикцияға сәйкес, Халықаралық сот жаңа құқық нормаларын қалыптастырмайды. Бірақ кейде құқық нормаларына түсіндірмелер беру барысында Халықаралық сот жаңа ережелерді ұсынуы мүмкін. Мысалы, ең үздік шешімдердің бірі ағылшын-норвег балықшаруашылығы бойынша қабылданған еді. Ол істе Халықаралық сот теңіз құқығындағы территориялық аумақты анықтайтын критерийлерді енгізді. Дәл осы идеялар кейін Халықаралық теңіз құқығының негізіне алынып, 1958 жылы қабылданған Территориялық теңіз және Аймақтық теңіз және бос жатқан аумақтар туралы Женева конвенциясының мәтінінде қолданылды.

Құндылығы жоғары бұдан да басқа көптеген істер бар. Мысалы, Репарация ісінде Сот халықаралық институттардың құқықтық субъектілігін таныды.

Геноцид ісінде халықаралық шарттардағы кейбір ескеретін жағдайлар, ал Ноттеб ісінде азаматтықтың рөлі мен сипаты қарастырылды.

Дегенмен бұл Халықаралық соттың кез келген шешімі халықаралық құқық ережесіне айналады дегенді білдірмейді. Мысалы, Lotus (Лотус) ісі бойынша берілген шешімдер сынға ұшырап, Теңіз құқығы бойынша Женева конвенциясына кірмей қалды. Бірақ мұндай жағдай өте сирек.

«Сот шешімдері» деген сөз Біріккен Ұлттар ұйымының Халықаралық соты мен тұрақты сот палатасымен қатар, халықаралық арбитраж шешімі мен ұлттық (мемлекеттік) соттардың шешімдеріне де қатысты қолданылады. Тарихта 1899 жылғы және 1907 жылғы Гаага конференциясы нәтижесінде құрылған Үштік соттың тұрақты палатасы және түрлі талап-арызды қараған трибуналдар, Иран мен АҚШ арасындағы аралас трибунал сияқты әртүрлі



сипаттағы халықаралық арбитраж соттар болды. Халықаралық сотқа ұқсамағанмен, олардың көптеген шешімдері халықаралық құқықтың дамуында маңызды рөл атқарды. Мұны БҰҰ-ның 1948 жылы жариялаған Халықаралық арбитраждық шешімдер туралы есебінен көруге болады.

Ойға оралатын тағы бір мысал – Алабама шағымдары жөніндегі арбитраж. Бұрын соңды сот немесе арбитраж амалдары арқылы шешілетін халықаралық дауларды бейбіт, ымыраласу жолымен шешуге болатын көрсетті.

Бұл мемлекеттер конфедерациясының спецификациясы бойынша Мерсисайдта құрастырылған кемеге қатысты іс еді. Әлгі кеме АҚШ-тағы азаматтық соғыс кезінде жетпіске жуық федералдық кемемен басып алады. АҚШ соғыстан кейін Алабаманы тас талқан қылғаны үшін өтемақы талап етеді. Трибунал талап-арызды қабылдады. Өйткені Британия нейтралитет ережесін бұзған. Сөйтіп АҚШ-ға өтемақы төлеуге мәжбүр болды.

Сот шешімдері тақырыбын қорыта келе, ұлттық сот шешімдері де халықаралық құқыққа өз пайдасын тигізетінін айтқымыз келеді. Мысалы, Америка Құрама Штаттары және Швейцария сияқты мемлекеттік федеративтік бірліктер дауларын екі тәуелсіз мемлекет арасындағы даулардың аналогиясы ретінде қарастыруға болады. Басқаша айтқанда, олар да халықаралық үшін құнды материал.

Ғалымдардың доктринасы және халықаралық құқықтың басқа да қайнар көздері

Халықаралық сот Статутының 38-бабында бекітілген халықаралық құқықтың тағы бір маңызды қайнар көзі – «әртүрлі ұлттардың жария құқық бойынша жоғары білікті мамандарының доктринасы». Тарихи тұрғыдан халықаралық құқықтың дамуына академиялық ғалымдардың ықпалы күшті. Табиғи құқықтың өрлеу кезеңінде сол заманның құқықтанушы-ғалымдардың доктриналары мен сараптамалары мемлекет тәжірибесі мен сот шешімдерінен де салмақты, маңызды болды. XVI–XVII ғасырларда Джентили, Гроций, Пуфендорф, Ваттель сияқты беделді философ-құқықтанушылар өмір сүрген. Олар халықаралық құқықтың аясын, формасы мен мазмұнын анықтауға көп үлес қосты.

Позитивизмнің өрлеуі мен мемлекет егемендігінің маңызы артқан сайын халықаралық шарттар мен дәстүрлер басымдыққа ие болды. Олардың дамуына орай құқықтық ілімнің маңызы төмендей берді. Сондықтан көптеген еңбектерді құқықтың қайнар көзі емес, құқық туралы немесе құқықтың не екендігі туралы ақпарат көзі қолдануға болады. Кейбір жазушы еңбектерінің өзіндік құндылығы болғанмен, олардың маңызы бұрынғыдай емес.

Дегенмен кітаптар халықаралық құқық туралы ақпаратты жүйелеп, жинақтап, оның табиғаты, тарихы және құқық ережелерінің тәжірибесі туралы құнды мағлұмат бере алады.

Халықаралық құқықтық жүйеде белгілі бір жоғарғы биліктің болмауы себепті халықаралық құқықты жүйелеу және құқықтық нормалардың бағыты мен мақсаты туралы мәліметтерді қалыпқа түсіру жауапкершілігі әртүрлі елдің ғалымдарына жүктеледі.

Халықаралық құқық комиссиясы

БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы 1947 жылы құрған Халықаралық құқық комиссиясы өзінің алдында халықаралық құқықты дамыту және кодификациялауды мақсат етіп қойған. Көптеген маңызды халықаралық конвенциялар – осы комиссия жұмысының нәтижесі.

Тақырыбы айқындалғаннан кейін Халықаралық құқық комиссиясы халықаралық шарт жобасын әзірлейді. Өз кезегінде ол мемлекеттерге ұсыныстар мен ескертулер үшін жолданады. Әдетте мұндай жұмыс Біріккен Ұлттар Ұйымы ұйымдастыратын конференцияларда атқарылады. Нәтижесінде халықаралық шарт пайда болады.

Көптеген шарттар осындай тәртіп арқылы өткен. Мысалы, 1958 жылғы Теңіз құқығы туралы, 1961 жылғы Дипломатиялық қатынастар туралы, 1963 жылғы Консулдық қатынастар туралы, 1969 жылғы Халықаралық шарттар туралы конвенциялар. Комиссия осындай шарт жобаларын даярлаудан бөлек, халықаралық құқыққа қатысты түрлі есептер мен зерттеу нәтижелерін жариялайды.



Сұрақтар

1. Құқықтың жалпы принциптері қалайша халықаралық құқықтың қайнар көзі бола алады?
2. Халықаралық соттар мен трибуналдардың шешімдері прецеденттік құқықты мойындамайтын елдерде халықаралық құқықтың қайнар көзі бола ала ма?
3. Эквити дегеніміз не? Ол халықаралық құқықтың қайнар көзі деп сеніммен айта аламыз ба?

Әдебиеттер

1. A.Boyle and C. Chinkin, *The Making of International Law*, Oxford, 2007.
2. B.Cheng, *General Principles of Law as Applied by International Courts and Tribunals*, London, 1953.
3. Сарсембаев М.А., Сарсембаев К.М. *Международное право. Общая и особенная части: Учебник*. Алматы: Жеті Жарғы, 2009. Стр.33-37.
4. Кулжабаева Ж.О., *Международное публичное право. Общая и Особенная части*. Алматы: Юридическая литература, 2006. Глава 3.
5. M.Shaw, *International law*, p. 73-97.